


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРАЛІГІ



КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ,  
ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ, АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ  
САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖІ







*- Даярланған және ынталандырылған сержанттар мен офицерлерсіз мықты Қарулы Күштер құру мүмкін емес. Сондықтан біздің басты міндеттеріміздің бірі - сержанттық құрамға кәсіби әскери білім беру ісін дамыту. Бұл мәселені шешуде «Жас ұлан» мектептерінің және Кадет корпусының барлық әлеуетін пайдалану қажет.*

*Қазақстан Республикасының Президенті  
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев*

*- Строительство сильных Вооруженных Сил невозможно без подготовленных и мотивированных сержантов и офицеров. Поэтому одна из наших ключевых задач - это развитие профессионального военного образования сержантского состава. В решении этого вопроса нужно задействовать весь потенциал школ «Жас ұлан» и Кадетского корпуса.*

*Президент Республики Казахстан  
Токаев Касым-Жомарт Кемелевич*



# Әскери колледждің құрылу тарихы

1999 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштерін басқаратын болашақ әскери қолбасшыларды мектеп қабырғасынан дайындау үшін арнайы оқу орнын құру туралы ұсыныс Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тиесілі болатын.

2011 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінің жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылды.

2021 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен мектеп «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі генерал Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжі» болып қайта құрылды.

Әскери колледж – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, шет тілдерін тереңдете оқытатын, дене даярлығы күшейтілген әскери оқу орны.

*«Жас ұлан» кейінгі мектебі!  
Өз Отандың - Қазақстанның республикасы  
мен өз халқыңа адал болуға  
дайын болыңдар.  
Зор ден саулық, бақ пен табыс!*  
Р. Назарбаев  
4/11. 1999ж.



Арнаулы орта оқу орнын құрудағы ұсыныс – мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сержанттар құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін кіші командалық құрамның кадрларын даярлау болатын.



# История создания Военного колледжа

В марте 1999 года в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан была создана Республиканская школа "Жас улан" имени генерала армии С.К.Нурмагамбетова.

Идея создания специального учебного заведения, где со школьной скамьи готовились будущие военачальники для Вооруженных Сил независимого Казахстана, принадлежала Первому Президенту - Елбасы Нурсултану Абишевичу Назарбаеву.

8 декабря 2011 года состоялось торжественное открытие нового комплекса "Республиканской школы "Жас улан" имени генерала армии Нурмагамбетова С.К. с участием Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Н.А.Назарбаева.

9 февраля 2021 года постановлением Правительства Республики Казахстан школа была реорганизована в Военный колледж Министерства обороны имени Генерала армии Нурмагамбетова Сагадата Кожахметовича.

Военный колледж является военным учебным заведением, реализующим образовательные программы технического и профессионального образования, с углубленным изучением иностранных языков, усиленной физической подготовкой.



Среднее специальное учебное заведение создано для подготовки специалистов среднего звена и дальнейшего прохождения воинской службы по контракту на должностях сержантского состава в Вооруженных Силах Республики Казахстан в соответствии с государственным стандартом образования.



# Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы



# Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Республики Казахстан



# Кеңес Одағының Батыры Халық Қаһарманы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов

Барлық уақытта Отанды қорғау ең жоғары азаматтық ерлік болып саналды. Аты аңызға айналған батырлардың, Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің дәстүрлерін жалғастыруға «Жас ұлан» әскери колледжінің кадеттері шақырылады.

Колледжге Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетовтің есімі берілуі кездейсоқтық емес.



Сағадат Қожахметұлының есімі көзі тірісінде-ақ Одақ көлеміне танымал болған. Ұлы Отан соғысы жылдары, кейінірек белгілі әскери қолбасшы болған жауынгер үшін, ең алдымен, өлшеусіз бағамен жеткен үлкен тәжірибе. Өмірінің соңғы күндері де Қарулы Күштермен байланысты болды. Бір сөзбен айтқанда, Нұрмағамбетов үшін Отан қорғау – тек мамандық қана емес, бүкіл өмірінің мәні болды. Ол армияға жарты ғасырдан астам уақытын берді! Бүгінде оның шәкірттері қызмет етіп, жұмыс істейтін құрылымдар жоқтың қасы. А л а р м и я г е н е р а л ы Нұрмағамбетовтің басшылығымен қызмет еткендер оны әлі күнге дейін мақтан тұтады. Дәл осындай адам Тәуелсіздіктің құрылуы мен

қалыптасуы кезінде Қазақстанға ауадай қажет болды. Сағадат Нұрмағамбетов ел үшін қиын-қыстау кезеңде әскерді басқарды және оның қалыптасуы мен дамуына баға жетпес үлес қосты.

Бүгінде халық генералының өмір жолы әскери қызметшілердің бірнеше ұрпағын тәрбиеледі. Ол қазір де әскери оқу орындарының генералдары, офицерлері, сержанттары, сарбаздары, кадеттері мен курсанттары үшін өз Отанының нағыз патриоты ретіндегі аңыз болып қала береді.



# Герой Советского Союза Халык Каһарманы генерал армии Сагадат Кожжахметович Нурмагамбетов

Во все времена защита отечества считалась высшей гражданской доблестью. Продолжать традиции легендарных батыров, воинов великой Отечественной войны призваны воспитанники Военного колледжа.

И не случайно колледжу присвоено имя Героя Советского Союза Халык Каһарманы, Первого Министра Обороны суверенного Казахстана генерала армии С.К.Нурмагамбетова, чья жизнь и ратный труд служат примером для будущих Защитников Родины.

Имя Сагадата Кожжахметовича уже при жизни вписано в скрижали Отечества. Годы Великой Отечественной войны для комбата, впоследствии ставшего известным военачальником, это прежде всего бесценный опыт, оплаченный дорогой ценой. До последних дней жизни он был связан с Вооруженными Силами. Словом, для Нурмагамбетова Отчизну защищать – стало не просто профессией, но и смыслом всей жизни. Он отдал армии более полувека! На сегодняшний день нет ни одной структуры, где бы ни служили и трудились его воспитанники. А те, кто служил под руководством генерала армии Нурмагамбетова, до сих пор испытывают гордость. Именно такой человек был просто необходим Казахстану во время создания и становления независимости. Сагадат Нурмагамбетов возглавлял армию в непростое для страны время и внес неоценимый вклад в ее становление и развитие.

Сегодня жизненный путь народного генерала является путеводной звездой для нескольких поколений военнослужащих. Он и сейчас остается живой легендой для генералов, офицеров, сержантов, солдат, уланов и курсантов военно-учебных заведений, как эталон патриота своей Родины.



# Колледждің негізгі міндеттері

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес күндізгі оқу нысаны бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асырады. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сержанттар құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін орта буын мамандарын даярлау болып табылады.

Оқыту келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

1) «Байланыс, радиоэлектроника және коммуникация құралдарының технигі» біліктілігін бере отырып, «Әскери істегі автоматтандыру және инфокоммуникациялық технологиялар»;



2) «ҚЖжӘТ пайдалану және жөндеу технигі» біліктілігін бере отырып, «Қару-жарак пен әскери техникаға техникалық қызмет көрсету»;



3) «Инженерлік-саперлік бөлімшелерді басқару және РХБҚ әскерлерінің бөлімшелерін басқару» біліктілігі берілген «Кіші буын менеджменті».

Әскери колледжді бітіргеннен кейін түлектерге мамандығы бойынша біліктілікпен қатар, мемлекеттік үлгідегі диплом және «кіші сержант» әскери атағы беріледі.

Әскери колледждің түлектері кіші командалық буын лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жіберілетін болады.

Әскери колледждің үздік түлектері өз мамандықтары бойынша жоғары әскери оқу орындарының екінші курсына оқуға жіберіледі.



# Основные задачи колледжа

Государственное учреждение реализует общеобразовательные программы технического и профессионального образования по очной форме обучения в соответствии с государственным стандартом образования Республики Казахстан. Целью деятельности государственного учреждения является подготовка специалистов среднего звена, для прохождения воинской службы по контракту на должностях сержантского состава в Вооруженных Силах Республики Казахстан в соответствии с государственными общеобразовательными стандартами.

Обучение будет проводиться по специальностям:



1) «Автоматизация и инфокоммуникационные технологии в военном деле» с присвоением квалификации «техник средств связи, радиоэлектроники и коммуникаций»;

2) «Техническое обслуживание вооружения и военной техники» с присвоением квалификации «техник по эксплуатации и ремонту ВиВТ»;



3) «Менеджмент младшего звена» с присвоением квалификации «управление инженерно-саперными подразделениями» и «управление подразделениями войск РХБЗ».



По окончании военного колледжа выпускникам выдается диплом государственного образца с присвоением квалификации по специальности, присваивается воинское звание «младший сержант».

Выпускники военного колледжа будут направлены в воинские части Вооруженных Сил РК для прохождения воинской службы на должностях младшего командного звена.

Лучшие выпускники военного колледжа будут направлены для дальнейшего обучения на второй курс высших военных учебных заведений по своим специальностям.



## Тәрбие жұмысы

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері – әскери-саяси бағдарлауға, қоғамдық маңызы бар мұраттарды, патриотизм идеяларын, Отанға қызмет ету себептерін сана мен мінез-құлықта бекіту негізінде жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Кадеттерді тәрбиелеуде идеологиялық, әскери-патриоттық, адамгершілік және эстетикалық бағыттар маңызды болып табылады.

Әскери колледждің кадеттері «Астана-опера» опера және балет театрына, Орыс драма театрына, Ұлттық академиялық кітапханаға және Тұңғыш Президент мұражайына барады.

Кадеттердің бос уақыттарында домбыра, хореография және вокал (хор) үйірмелері өткізіледі.



Тәрбие жұмысының әртүрлі нысандары, әдістері, күштері мен құралдары бар, оларды шебер пайдалану болашақ сержанттарда жоғары моральдық-жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыруға, олардың рухани және эмоционалды жағдайын сақтауға, жауынгерлік міндеттерді сәтті шешуге ықпал етеді.



## Воспитательная работа

Воспитательная работа колледжа нацелена на формирование у кадетов высоких морально-психологических качеств на основе утверждения в сознании и поведении общественно значимых идеалов, идей патриотизма, мотивов служения Отечеству.

Важнейшими направлениями являются идеологическое, военно-патриотическое, воинское, нравственное и эстетическое воспитание кадетов направленные на формирование необходимых морально-боевых качеств.

Кадеты военного колледжа посещают театр оперы и балета "Астана-опера", русский драматический театр, Национальную академическую библиотеку, музей Первого Президента и другие заведения культуры и искусства.

С целью организации досуга кадетов проводятся работа кружков игры на домбре, хореографии и вокала (хор). Кадеты принимают участие в Республиканских конкурсах, военно-патриотических сборах молодежи.



Воспитательная работа располагает разнообразными формами, методами, силами и средствами, умелое использование которых способствует формированию в будущих сержантах высоких морально-боевых качеств, поддержанию их духовно-эмоционального состояния, мобилизации на успешное решение боевых задач.



# Оқу материалдық базасы

## 1 және 2 - павильон

Жатақхана 1959,6 м<sup>2</sup> (бір кадетке 4,67 м<sup>2</sup>), асхана (жалпы ауданы 974,8 м<sup>2</sup>) 420 орындық, 728,3 м<sup>2</sup> біріктірілген зал), қару-сақтауға арналған бөлмесі бар колледж бойынша кезекшінің бөлмесі.



## 3, 4 және 5 - павильон

Оқу сыныптары (жалпы білім беретін пәндердің 37 кабинеті, оның ішінде 15 өзін-өзі даярлау кабинеті, 5 әскери даярлық бөлімшесінің кабинеті), кітапхана 277,6 м<sup>2</sup> (оның ішінде оқу залының ауданы 127,6 м<sup>2</sup> құрайды және 75 отыратын орынға жабдықталған), акт залы (348 отыратын орын).



## 6 және 7 - павильон

Спорттық дайындалу аймағы (ауданы 1050 м<sup>2</sup>, көрермендерге арналған орын, трибунамен, бокс рингімен, татами және балуандық кілеммен, көпфункционалды спорттық тренажерлармен жабдықталған, жүзу бассейні: 575 м<sup>2</sup>, медициналық пункт және мектептің әкімшілік блогы орналасқан.)



# Учебно-материальная база

## Павильон 1 и 2

Общежитие (1959,6 м<sup>2</sup> на одного воспитанника 4,67 м<sup>2</sup>), столовая (общая площадь 974,8 м<sup>2</sup>) объединенный зал 728,3 м<sup>2</sup> на 420 посадочных мест), комната дежурного по колледжу с комнатой для хранения оружия.



## Павильон 3, 4 и 5

Учебные классы (37 кабинетов общеобразовательных дисциплин из них 15 кабинетов самоподготовки, 5 кабинетов отделения военной подготовки), библиотека (277,6 м<sup>2</sup> из них площадь читального зала составляет 127,6 м<sup>2</sup> и оборудована на 75 посадочных мест), актовый зал на (348 посадочных мест).



## Павильон 6 и 7

Спортивная зона (спортзал площадью 1050 м<sup>2</sup> оборудованный трибуной для зрителей, боксерским рингом, татами и борцовским ковром, многофункциональными спортивными тренажерами, плавательный бассейн: 575 м<sup>2</sup> медицинский пункт и административный блок школы).



# Әскери колледжге түсу тәртібі

Мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі уәкілетті орган бекітетін тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери колледжге конкурстық негізде оқуға түсетін жылы 15 жастан кіші емес және 17 жастан үлкен емес, 9-сыныпты бітірген, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды ер балалар, Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түсуге оқуға түсетін жылы он бес жасқа толған, бірақ он жеті жастан аспаған азаматтардың құқығы бар. Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заң. 39- бап. Азаматтардың әскери оқу орындарына түсуі, сондай-ақ шығарып жіберу және қайта қабылдау. Әскери оқу орындарында білім алып жатқан азаматтармен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттар жасасу.

## Конкурстық іріктеу кезендері:

- I. Кәсіби-психологиялық іріктеу;
- II. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларымен медициналық куәландыру;
- III. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, оқу-жаттығу сабақтары және факультеттер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 105 бұйрығымен айқындалған нормативтер бойынша дене дайындығын тексеру.

Барлық кезендерден сәтті өткен, ең көп балл жинаған кандидаттар одан әрі оқу үшін қабылданады.



# Порядок поступления в Военный колледж

Порядок приема на обучение в государственное учреждение осуществляется в соответствии с Правилами приема на обучение в военные учебные заведения, реализующие образовательные программы соответствующего уровня, утверждаемых уполномоченным органом.

Согласно статьи 39 п.2 закона Республики Казахстан «О воиской службе и статусе военнослужащих», в военные учебные заведения, реализующие программы технического и профессионального образования на базе основного среднего образования, имеют право поступать граждане, достигшие на год поступления возраста 15 лет, но не старше 17 лет.

## **Этапами конкурсного отбора являются:**

I этап - Профессионально-психологический отбор;

II этап- Медицинское освидетельствование в соответствии с Правилами проведения военно-врачебной экспертизы;

III этап - Проверка физической подготовленности.

Кандидаты успешно прошедшие все этапы, набравшие наибольшее количество баллов будут приняты для дальнейшего обучения.





Әскери колледжінің мекенжайы:  
010007, Астана қаласы  
Қорғалжын тас жолы 16/1  
[voencollege.mil.kz](http://voencollege.mil.kz)

Адрес Военного колледжа:  
010007, город Астана  
Коргалжынское шоссе 16/1  
[voencollege.mil.kz](http://voencollege.mil.kz)





**Астана қаласы**  
**2023 жыл**